

Кәсіби маман даярлау – заман қажеттілігі

Баешова Дарига Советовна
«Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжі» КММ
өндірістік оқыту шебері

Қазіргі әлемдік жаһандану кезінде Қазақстан Республикасы – жастардың білім мен біліктілікке талпынып әрекеттенуінің, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Бүгінгі күн біздің ұрпақ шексіз мүмкіндік туған заманда өмір сүріп жатыр. Бүгінгі таңда көбінесе сұранысқа ие мамандар бұлар өз кезегінде өз ісін жетік меңгерген және сонымен бірге өзінің мамандығына ұқсас салаларда еңбек ете алатын, заманауи технологияларға бейім мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі туындап отыр.

Ендеше құзіреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Міне құзіреттілікті қалыптастыру дегеніміздің өзі – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жыл 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Кәсіби техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді» — деп атап көрсеткен болатын. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі тұлғаның қызығуларын қанағаттандыруда еңбек нарығының және экономикалық дамудың қажеттіліктеріне өтеуде ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – оқушының жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу. Жасөспірімдердің шығармашылық тұлғасының белсенді бағытын оның тек сабақтарға жалпы қатынасы және оның қажеттілігі мен мұқтажы ғана емес, сондай-ақ білімді тәжірибелік іскерліктерді қабылдау мен меңгеру үрдісінің өзі де анықтайды. Оның ішінде таңдау курстары – шығармашылық ізденістің алғашқы баспалдағы. Әр түрлі таңдау курсына қатысқан оқушының өзіндік талпынысы, ізденісі болары

анық. Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектуалдық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Сондықтан колледж ордасында білім нәрімен сусындаған, әр түрлі таңдау курстарын меңгерген оқушы одан әрі өзінің деңгейіне қарай көбінесе сұранысқа ие мамандар болуды қалайды, сондықтан өз кезегінде өз ісін жетік меңгерген және сонымен бірге өзінің мамандығына ұқсас салаларда еңбек ете алатын заманауи технологияларға бейім маман болып қалыптасу мүмкіндігін қарастырады. Сонымен қатар қазіргі таңда еңбек нарығында техникалық және кәсіптік білім алған білікті мамандарға сұраныс жоғары. Қазіргі заман талабын жеке түсінген әрбір ұстаз өз отанын шексіз сүйетін білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ даярлауға міндетті. Арнайы мамандық таңдаған оқушы колледж қабырғасында кәсіби білім ала отырып, одан әрі шығармашылық жұмыстармен айналысу керек. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін әрбір ұстаз оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге баулуы керек. Өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға бейімделген студенттің әрекеті өзіндік зерттеу әрекетіне көшеді.

Қазіргі кезде зерттеушілік шағын кәсіби ғылыми қызметкерлер тобына ғана тең аясы тар мамандырылған қызмет ретінде емес, ол кез келген саладағы қазіргі адамдардың өмір сүру тәртібіне айналған кәсіби өмірге белсене араласатын тұлғаға тән құбылыс. Студенттің өзіндік жұмысын жүйелі, бір ізділікпен ұйымдастыруға баулу біртіндеп зерттеушілік әдісін қолдануға әкеледі. Нәтижесінде студенттің өзіндік іс-әрекеті терең ізденіске бастайды. Білім беру жүйесінде ғылым мен тәжірибе негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға, кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін жағдайлар жасауға, жеке адамның шығармашылығын қалыптастыруда, сонымен бірге еңбек нарығында техникалық және кәсіптік білім алған білікті мамандарды өндірістің жаңа ашылған әртүрлі салалары бойынша қажет мамандарды даярлау біздің негізгі мақсатымыз. Бүгінгі таңда жастардың білімін көтеру кең ауқымды мәселе екені белгілі.

Олардың біліктілігін, дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі еліміздегі ғылыми техникалық және әлеуметтік-мәдени жетістіктерінің қарыштап дамуынан туындайды. Жастарды оқытуға, оларға кәсіби білім беруге, мамандарды жан-жақты даярлауға қоғам мен мемлекеттің бүгінгі таңда басын назар аударуда.

1990 жылдардан бастап Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжінде «Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану» мамандығы мамандар дайындауда. Соның айғағы ретінде «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 2021 жылы өткен XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы айтуға болады. Олимпиадаға командамен белсене қатысқан Баратова Тахмина, Каримова

Амина, Орынтай Гүлзат III орынға ие болғанын тілге тиек етуге болады. Елбасының «Жас ұрпақ тағдыры – ұстаздың қолында» деген қанатты сөзі қазіргі ұстаздардың басты кәсіби қағидасы болуы тиіс. Осыған байланысты, білім жүйесін жаңғыртудың жаңа алты бағыты баса айтылды. Олар: оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; оқытушылар құрамының біліктілігін арттырудың жаңа деңгейіне көшу; біліктілік сапасын бағалаудың тәуелсіз жүйесін құру; жастардың білім алуға деген мүмкіндіктерін жоғарылату; мұғалімдердің жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік бейімделуді үйрету мүмкіндіктерін қалыптастыру қажеттігі. Бұл саладағы игі дәстүрлер жалғасын таба беретініне сенімдіміз.